

БЕКІТЕМІН
«Қарағанды облысы
білім беруді дамытудың
оку-әдістемелік
орталығының» КМҚҚ
директоры

Б.Х. Абдикерова
2022 жыл



**«Физика» пәні бойынша
облыстық «Үздік бейнесабак» байқауының
ЕРЕЖЕСІ**

1. Байқаудың жалпы ережелері

Осы ереже «Физика» пәні бойынша облыстық «Үздік бейнесабак» байқауын өткізу және қатысу тәртібін, шарттарын және қаржыландыру тәртібін реттейді.

Байқау Қарағанды облысы білім басқармасы, Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оку-әдістемелік орталығының жоспарына сәйкес ұйымдастырылады.

2. Байқаудың мақсаты мен міндеттері.

2.1. Байқаудың мақсаты: заманауи білім беру технологиялары мен әдістерін қолдану арқылы қашықтықтан оқыту мүмкіндіктерін кеңейту және физика пәні бойынша үздік бейнесабактарды іріктеу.

2.2. Байқау міндеттері:

- қашықтықтан оқыту жағдайында әдістемелік қолдауды ұйымдастыру;
- Қарағанды облысының виртуалды білім беру кеңістігінде үздік бейнесабактар қорын жинақтау.

3. Байқау жұмыстары жаңартылған білім беру мазмұны бойынша жүргізілу қажет.

4.1. Байқау жұмыстарына қойылатын талаптар.

4.1.1. Мазмұны бойынша:

- КР МЖМБС оқу бағдарламаларына, оқулықтарға сәйкестігі;
- мазмұнының облыстық байқау бағыттарына сәйкестігі;

4.1.2. Бейнематериалдардың техникалық сипаттамалары:

- ең төменгі өлшемі (720x480) қатынасы (16:9);
- пішімі *.mp4;;
- бейнематериалдың хронометражы 15-20 минут.

4.1.3. Ушінші тарап аудио және бейне контент өндірушілерінің авторлық құқықтарын сақтау.

5. Байқау жұмыстарын бағалау критерийлері:

- мәлімделген тақырыпқа сәйкестігі;
- сабак тақырыбының ашылуы;
- сабакты өткізу сапасы;

- сабакта құндылыққа бағытталған тәсіл;
- байқау материалының мазмұны (жұмыс көлемі, қосымшалардың болуы);
- безендіру және түсіру сапасы;
- өзіндік ерекшелігі;
- шығармашылық даралықтың көрінісі;
- болашақта материалды кеңінен қолдану мүмкіндігі;
- физика пәні бойынша интернет ресурстарды қолдануы.

6. Байқауға қатысу тәртібі.

6.1. Байқауға ведомстволық бағыныстырынына, типіне және меншік нысанына қарамастан білім беру үйымдарының физика пәнінің мұғалімдері қатыса алады.

6.2. Видеосабактар күрделі тақырыптар бойынша (окушының қатысуынсыз) түсіріледі.

6.3. Байқауға топтық жұмыстар қабылданбайды.

6.4. Бейнесабактар YouTube каналына жүктеліп, сілтемесін өтініште көрсетіп, umc-go@umckrg.gov.kz электронды мекенжайына жіберіледі.

6.5. Байқауға ұсынылатын бейнематериалдардың саны біреуден аспауы керек. Өтінім үлгі бойынша толтырылуы қажет (1-қосымша).

7. Байқауды үйымдастыру және өткізу тәртібі.

Байқау қашықтықтан өткізіледі.

7.1. **Байқаудың бірінші аймақтық кезеңі:** 2023 жылдың 20 – 24 актапы аралығында қалалық/аудандық деңгейде өткізіледі.

7.2. **Байқаудың екінші облыстық кезеңі:** Үздік жұмыстарды іріктеу 2023 жылдың 03 - 07 сәуірі аралығында Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығында өткізіледі.

7.3. **Байқаудың қорытындысы «Қарағанды облысының білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМКҚ сайтында орналастырылады.**

7.4. Жеңімпаздар 2023 жылдың 14 сәуірінде марапатталады.

КЕЛІСІЛДІ:

Қарағанды облысында ББД ОӘО МД және ЖББ
бөлімінің меңгерушісі

Мукашева Г.Г.

**Тарих және география пәндері бойынша облыстық
бейне-сабактар байқауына
ӨТІНІШ**

	Қатысушының аты-жөні	
1	Қала/аудан немесе ММИ атауы	
2	Пәні	
3	Оқыту тілі	
4	Сыныбы, тақырыбы	
5	YouTube каналына сілтемесі	
6	Электрондық мекенжайы	
7	Байланыс телефоны	